

**2024-2025 оқу жылына ТжКОББ ұйымдарында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша комиссия отырысының № 2 хаттамасы**

**Өткізу орны :**

Білім басқармасы

Конференц зал

2 қабат

**Өткізу күні мен уақыты:**

14 маусым 2024 жыл сағ.17.00

**Төраға:** Р.З. Мұхаметқали облыс әкімінің орынбасары

**Қатысқандар:** Комиссия мүшелері

**Қатыспағандар:** А.А. Сұрағанова (іссапар), М.А. Мадина (демалыс)

**КҮН ТӘРТІБІ**

1. 2024-2025 оқу жылына ТжКОББ ұйымдарында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

---

(А.Е. Ибраева)

**ШЕШТІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының басшысы А.Е.Ибраеваның ақпараты назарға алынсын;

2. 2024-2025 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы **33 ТжКОББ ұйымдарында 6 577 орын** көлемінде орналастырылсын (1-қосымша);

Дауыс берді:

«ИӘ» - 5  
«ҚАРСЫ» - 0  
«ҚАЛЫС» - 0

## 2. Әр түрлі

---

### 2.1 Білім басқармасы:

2.1.1 2025 жылғы қаңтарға дейін мемлекеттік тапсырысты бөлу критерийін әзірлесін, оның ішінде материалдық-техникалық базасы мықты, нысаналы тапсырыспен кең қамтылған, сондай-ақ мамандық бойынша жұмысқа орналасудың жоғары көрсеткіші бар колледждер басым болуы тиіс екенін көрсетсін;

2.1.2 мемлекеттік тапсырысты жоспарлауда техникалық, ауылшаруашылық және медициналық мамандықтарға басымдық берілсін;

2.1.3 2024 жылғы қазан айына дейін гуманитарлық мамандықтар бойынша кадрлар даярлауды жүргізетін колледж директорларымен кеңес ұйымдастырсын;

2.1.4 2024-2025 оқу жылына колледж директорларының КРІ қызметіндегі «Тағылымдама» бағыты бойынша оқытушыларға «Болашақ» стипендиясын беру көрсеткішін енгізісін;

2.1.5 Рудный музыкалық колледжін облыс орталығына ауыстыру мүмкіндігін қарастырсын;

2.1.6 шығармашылық бағытта «мектеп-колледж» үздіксіз білім беруді енгізу жөніндегі тұжырымдаманы пысықтасын;

2.1.7 колледждердің Қамқоршылық кеңестерінің қызметін кеңестерде талдау қорытындыларын талқылай отырып, тоқсан сайын талдау жүргізісін;

2.1.8 2024 жылғы 1 қыркүйекке дейін облысымыздың дарынды жастары үшін мемлекеттік тапсырысты басым бөлу бойынша қабылдау қағидаларына ұсыныстар енгізісін (*олимпиадалар, конкурстар, спорттық жарыстардың жүлдегерлері*);

2.1.9 колледж директорларының бір білім беру ұйымында белгіленген мерзімнен артық қызмет жасау жағдайларын болдырмау мақсатында бірінші басшыларды ротациялау процедурасын бақылауға алсын;

2.1.10 2024 жылғы 1 тамызға дейін техникалық және кәсіптік білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін басшының орынбасары бірлігін енгізсін;

2.1.11 2024 жылғы қараша айына дейін колледж директорларымен жаңа мамандықтардың ашылуын талқылау және 2025-2026 оқу жылына арналған мемлекеттік тапсырысты алдын ала жоспарлау бойынша кеңес өткізсін.

## **2.2 Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының директорлары:**

2.2.1 мемлекеттік тапсырыстың жыл сайынғы орындалуын бақылауға алсын;

2.2.2 қабылдау комиссияларының қызметі кезінде кәсіптік бағдар беру жұмысын күшейтсін, талапкерлермен үгіт-насихат жасауға әлеуметтік әріптестер тартылсын;

2.2.3 2024 жылғы қыркүйектен бастап оқытушыларды «Тағылымдама» бағыты бойынша «Болашақ» стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін жіберілсін;

2.2.4 әлеуметтік әріптестермен бірлесіп кәсіпорындарды нысаналы тапсырыспен, әсіресе «Тігін өндірісі және киімді модельдеу» мамандығы бойынша *(Қостанай қызмет көрсету саласының колледжі)* қамтуды ұлғайтсын;

2.2.5 түлектердің алған мамандығы бойынша жұмысқа орналасу деңгейін бақылауға алсын;

2.2.6 Қамқоршылық кеңес мүшелерін колледж жұмысының қызметіне тарту бойынша жұмысты жалғастырсын *(мемлекеттік тапсырысты жоспарлау, жұмысқа орналастыру, шефтік көмек көрсету және т. б.)*;

2.2.7 2024 жылдың соңына дейін өңірдің қажеттілігі мен жаңа инвестициялық жобаларын ескере отырып, жаңа мамандықтар бойынша лицензияларға қосымшалар алу жөнінде шаралар қабылдасын.

## **2.3 Қостанай қызмет көрсету саласының колледжі және Әулікөл ауыл шаруашылығы колледжінің директорлары 1 ай ішінде ақылы қызметтерді іске асыру жоспарланатын экономикалық**

қызмет түрлерін бекіту үшін монополияға қарсы органмен (әрбір ЭҚЖЖ бойынша бөлінісінде) келісу бойынша жұмыс жүргізісін.

**2.4 Рудный музыкалық, Қостанай жоғары педагогикалық және Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледждерінің директорлары 2024 жылдың соңына дейін жаңа мамандықтар бойынша, сондай-ақ «Өнер» бағыты бойынша лицензияға қосымша алсын** (Рудный музыкалық колледжі «Дыбыс операторы» мамандығы бойынша, Қостанай жоғары педагогикалық колледжі және Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжі – «Мәдени бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушы, оқытушы»).

Хаттамалық тапсырмалардың орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының ТЖКБ бөліміне жүктелсін. Есеп тоқсан сайын ұсынылсын.

**Комиссия төрағасы**

 **Р. Мұхаметқали**


**Комиссия төрағасының  
орынбасары**

 **А. Ибраева**

**Комиссия мүшелері**

 **Г. Әбенова**

 **Г. Есеева**

 **Р. Бровченко**

**Комиссия хатшысы**

 **Ж. Жумина**